



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет – ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Самбулатова Г.Ш. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасының бүгінгі білім беру мазмұнынмен үндестігі. 2016. URL: [https://kopilkaurokov.ru/zavuchu/meropriyatia/y\\_altynsarinnin\\_piedagoghikalyk\\_kozk\\_arastarynyn\\_bughinghi\\_bilim\\_bieru\\_mazmu\\_ny](https://kopilkaurokov.ru/zavuchu/meropriyatia/y_altynsarinnin_piedagoghikalyk_kozk_arastarynyn_bughinghi_bilim_bieru_mazmu_ny) (29.11.2016)
2. Алькенова Б.К., Білім мазмұнын жаңарту жағдайында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы. 2017. URL: [https://infourok.ru/bilim\\_mazmnin\\_zhaartu\\_zhadayinda\\_ibiray\\_altynsarinni\\_pedagogikali\\_ideyalarini\\_sabatastii\\_1490412.html](https://infourok.ru/bilim_mazmnin_zhaartu_zhadayinda_ibiray_altynsarinni_pedagogikali_ideyalarini_sabatastii_1490412.html) (6.01.2017)
3. Сулейменов Б.С. Жизнь и творчество Ибрагима Алтынсарина (1841–1889) Алма-Ата.: 1957, 5–40 с.

ӨОЖ 37.034

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Оспанова Салтанат Амиржановна  
бастауыш сынып мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігінің білім беру басқармасының  
«Рудный қаласы білім бөлімінің  
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Рудный қаласы, Қазақстан  
E-mail: guli\_9123@mail.ru

#### Аңдатпа

Автор мақала мазмұнында ағартушы шығармасының идеясы еңбекқор, қоғам белсендісін тәрбиелеу деп ой қорытады. Заманауи білім беруде инновациялық әдістер арқылы шығармаларын түрлендіруде оңтайлы тәжірибесімен бөліседі. Ұлт ұстазының мұрасы мектебінің үзгілігінде екенін сөз етеді. Ы.Алтынсаринді педагог, ақын, жазушы деп әр қырынан танытады. Ағартушының шығармаларын шәкірттеріне ақпараттық технология аясында жаңаша түсіндіре біліп, педагогикалық идеясын тәжірибесімен ұштастырады.

**Түйінді сөздер:** Педагог, мұра, заманауи білім, ақпараттық, тәрбие.

#### Аннотация

Автор в содержании статьи заключает, что идея просветительского произведения – воспитывать трудолюбивого, общественного активиста. Делится своим оптимальным опытом в преобразовании произведений с помощью инновационных методов в современном образовании. Отметил, что наследие учителя нации находится во благо школы. И.Алтынсарина с разных ракурсов называют педагогом, поэтом, писателем. Сочинения просветителя ученикам умение по – новому интерпретировать произведения в рамках информационных технологий, сопоставляет педагогическую идею с опытом.

**Ключевые слова:** Педагог, наследие, современное образование, информация, воспитание.

#### Abstract

In the content of the article, the author concludes that the idea of the work of the educator is to educate a hardworking social activist. Shares optimal experience in transforming works through innovative methods in modern education. It is said that the heritage of the teacher of the nation is in the good of the school. I. Altynsarin is a teacher, poet and writer. He is able to explain the works of the educator to his students in a new way within the framework of information technology, combining his pedagogical idea with his experience.

**Key words:** teacher, heritage, modern education, information, education.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс – тәсілдер түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады. Әрбір сабағымда мерейлі мақсатым білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденіп оқуға баулу. Өзімнің тәжірибемде жаңаша инновациялық әдістерді пайдалану оқушылардың оқуға деген таным қабілетін арттырады. Инновациялық әдіс – тәсілдер оқушыларға ақпарат іздеуге

және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік бере отырып, тапсырманы орындауда өз үлесін сезінуіне мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта оқытудың өзекті дағдыларын қалыптастыру барысында сабақ жоспарын жасағанда сабақтың басында, ортасында және соңында әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. [4, б. 5–6] Осы орайда бастауыш сынып мұғалімі ретінде ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын АКТ – аясында бастауыш сынып оқушыларына жеткізудегі тәжірибемді ортаға салып, үлесімді қосқым келді. Иә, дана ағартушының басты мұраты адам игілігіне қызмет ету болды. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсарин мұрасы ұстаздар қауымының мәңгі ескірімес рухани серігі ретінде күнделікті оқу – тәрбие ісінің мазмұнына айналды.

Педагогтың ізбасары ретінде ертеңгі күннің бәсекеге қабілетті шәкірттеріне қазақ тілінің жалпақ, шұрайлы екенін дәріптеуде тамшыдай болса да үлесімді қосу міндетім деп есептеймін. [8, б. 6–7] Бүгінгі күні өзімнің педагогикалық тәжірибемде, ағартушының білім беруде «Әуелі зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, содан соң сын есімді үйретемін, осыдан кейін ғана зат есімді сын есіммен қосып, адам сияқты сөйлем құратып үйретемін» деген даналық сөздерін педагогикалық ұстанымыма айналдырып алғанмын. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің идеясын әр сабағымда қалай жүзеге асырып жүрмін? Қандай шығармалары арқылы оқушыларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке, еңбекке тәрбиелей аламын? Міне, осы орайда дәл осы тақырыпты заманауи білім беруде шәкірттеріме қалай жеткізіп жүрмін? Иә, мені жаңартылған білім аясында Ы.Алтынсарин бізге не берді деп емес, мен ұстаз ретінде оның идеясын іске асыруда не істей алдым деген ой толғандырады. Бұл сауалыма жауапты жаңа технология шеңберінен таптым десем, артық айтқаным емес. Осы мақсатта тәжірибемді ортаға салғым келеді. Бәрімізге мәлім, қазіргі жаңартылған білім аясында инновациялық технологиялардың пайдасы зор. Дәл бүгінгі күні инновациялық білім беру жаңа білімнің өзегіне айналды. Ыбырай Алтынсариннің екі түрлі мәселені біріншісі бала оқыту, екіншісі ой – санасын жаңалыққа бейімдеу жолында тәрбиелік мәні зор шығармалары мирас боп қалса, бұл менің әр сабағымнан көрініс табуда.

Күнделікті сабақта Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып түрлендіруге болады. Мәселен, ұстаздың еңбек тақырыбындағы әңгімелерінің мазмұнын терең ұғындырып, кәсіби шеберлігімізді шығармашылықпен ұластыра отырып, мақсатқа жетуге болады. [5, б. 5–7] Тәрбиелік мәнін терең ұғындырып, кейіпкерлерге мінездеме беруде білім алушыларға өз бетімен ізденуге бағыт беруге болады. Атап айтсам, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін түсіндіру кезінде бірінші топқа «Топтастыру» арқылыбай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор мәселеге назар аудардамын. Бұдан шәкірттерім өзінің қалыптасуына отбасының ықпалын ашып көрсету арқылы мән – маңызы үлкен қорытынды жасайды. Екінші топқа «Жіңішке – жуан» әдісі бойынша сұрақтар, ал үшінші «5 жол өлең» әдісі арқылы тапсырма беруге болады. Соңында «Бес жұлдыз» атты кері байланыс арқылы қаншалықты ой түйгендерін қорытындылаймын. «Мектептің жүрегі – мұғалім» идеясынан бойтұмардай ой түйіп, қазіргі таңда бірсарындылықтан арылып, жаңа форматтағы мұғалім ретінде менің ролім бағыттаушы, ақылшы, тыңдаушыға айналды.

Ағартушының шығармаларын жаңа бағытта түсіндіруде ақпаратты технологияны кеңінен пайдалануым тиіс. Өйткені жаңа заман баласы, АКТ–аясында өздігінен ізденіп, ұлт ұстазының шығармаларын жоба жасау барысында да зерттей алады. [6, б. 8–9] Педагогтың «Халқыма пайда тигізем» деп өзіне қойған талабы да бүгінгі жаңартылған білімнің ұстанымына айналды. Біліммен қатар тәрбиелік асыл қасиеттерін зерттеп, сол арқылы халықтың ағарту ісінің жолбасшысы болды. Өзімнің педагогикалық тәжірибемде байқағаным кез – келген шығармасының идеясы еңбекқор, қоғам белсендісін тәрбиелеу. Ол қазіргі қоғам үшін дарынды жаңашыл ұстаз, патриот өз мұрасын қалдырған қайраткер. Олай деу себебім, ұлт ұстазының оқырмандарын табиғаттың сұлу көріністеріне аударуы да Отанын сүюге патриоттық тәрбиенің үлгісіне айналды. Сол арқылы табиғатпен адамды байланыстырып, жанашырлығын оятады. Өлеңдерін қысқа бір шумақпен ғибратты ойларды ұсынады. Осындайда Ж.Аймауытовтың «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол, жаңадан – жаңаны табатын өнер» деген даналық сөздері еріксіз жадыма оралады. Өйткені, Ыбырай Алтынсарин шығармаларын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының да белсенді әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, түсіндірсек, оқушының білуге деген қызғушылығы арта түсетіні анық. Ғибратты өмірінде Ы.Алтынсарин адал еңбек пен қанағатшылдық адам бақытының негізі деп санағаны да белгілі. Еңбек тақырыбының идеясы – еңбексіз өмір бос, адал еңбек ет дегенді білдіреді. Еңбек, ізгілікке ұмтылу адамгершілік адамға лайықты өмірді қамтамасыз ететінін Ыбырай Алтынсарин идеясы «Таза бұлақ» деген әңгімесіндегі мысал арқылы дәлелдейді. [5, б. 3–4] Бұл тақырыпты түсіну аясында шәкірттерім «Түртіп алу», «Болжам жасау», «Екі жақты күнделік» әдістерімен еркін жұмыс жасай алады. Иә, әр сабағымда ұлт ұстазының тәрбиелік мәні зор әңгімелері шәкірттерімнің рухани санасын өсіріп, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретті. Ағартушының «Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді» деген даналық сөзі де өмір шындығына айналып отыр.

«Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалы да өмір тәжірибесіне ала отырып, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. Бұл тақырыпты жаңаша бағытта «Ойлан, жұптас, бөліс» стратегиясы арқылы көкейлеріне жеткіздім. Ағартушының идеясы – мектеп өз

құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. [5, б. 6–9] Бұл да заманауи мектеп үлгісінен анық байқалып отыр. Олай деу себебім, қазіргі оқушы жаңалыққа жаны құмар, зерттеуші роліне ауысты. Бүгінгі күні өз алдына ұлттық мектептер кеңейіп, білімдерін кеңейтіп, бәсекеге қабілетті шәкірттер дайындайтын ізбасарлары көбейді. Қалай ой елегінен өткізсек те, жарық жұлдыз екені мәлім.

Ел қамын ойлаған ұстаздың, ірі ағартушының мұрасы бүгінгі күні де мән – мағынасын жоймай, заманауи білім берудің тәрбие құралына айналып отыр. Ыбырай оқу – ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуге айрықша мән береді. «Қазақ хрестаматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды. Бұл кітаптарындағы оқушыны отан сүйгіштікке, еңбекке, кісілікке – тәрбиелейтін ғибратты шығармалары ешқашан да өзінің мән мағынасын жоймайды. Ыбырай Алтынсарин ағарту ісімен бірге сол уақыттағы қоғамдық – саяси өмірге сергек араласып, ғылым білімге, еңбек пен өнерге, дінге, этнографияға қатысты еңбектер жазды. Олай болса, Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын заманауи білімде жаңартып, оқушыларға түсіндіруде еңбегімізді еселей берейік дегім келеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Жаңа бағдар республикалық журналы №4, 2018 ж. 5 – 6 б.
2. Бастауыш сынып республикалық журналы №8, 2019 ж. 6 – 7 б.
3. «Білім шыңы» газеті №5 2019 ж. 5 – 7 б.
4. «Білімді ел» газеті №6 2020 ж. 8 – 9 б.
5. 45 – Минут республикалық журналы №5 2020 ж. 3 – 4 б.
6. «Қазақстан мектебі» журналы №5 2021 ж. №4 6 – 9 б.

ӘОЖ 37.034

#### Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ ҮНДЕСТІГІ

*Отешева Назира Қабиденовна  
қазақ тіл және әдебиеті мұғалімі  
Мирғалиева Айнұр Сұлтановна  
қазақ тіл және әдебиеті мұғалімі, мұғалім – ізденуші  
Ұшқұлақова Гүлдана Жұмабековна  
қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі  
М.Қозыбаев атындағы №23 ЖББМ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E-mail: Otesheva05@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Мақаланың мақсаты: қанша жыл өтсе де екі ұлы адамның ағартушылық идеяларының бүгінгі таңға дейін өзінің өзектілігін жоғалтпағанын ашу. Берілген мақалада Спандияр Көбеевтің Ыбырай Алтынсарин әдеби мұраларының Ыбырай Алтынсаринмен үндестігі қарастырылады. Олардың өмірлері өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылатыны туралы баяндалады.*

*Түйінді сөздер: әдеби мұра, ағартушы, шығармалар, білім, патриотизм.*

#### Аннотация

*Цель статьи: раскрыть насколько актуальны просветительские идеи двух великих людей по сей день. В данной статье рассматривается литературная связь между Ибраем Алтынсариным и Спандияром Кубеевым. А также в статье говорится о том, что их жизнь является одним из прекрасных примеров любви к Родине и беззаветного служения ей.*

*Ключевые слова: литературное наследие, просветитель, произведения, знания, патриотизм.*

#### Abstract

*The purpose of the article: to reveal how relevant the educational ideas of the great people are to this day. This article discusses the literary connection between Ibraim Altynsaryn and Spandiyar Kubeev. And also the article says that their life is one of love for the motherland and selfless service to it.*

*Key words: enlightener, literary works, literary patriot, knowledge.*

Заманамыздың заңғар жазушысы Мұқтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы».